

<sup>1</sup>Ермаханов Б.Ө.<sup>a</sup>,  <sup>2</sup>Есиркепов Ж.М., <sup>3</sup>Дошыбеков А.Б., <sup>1</sup>Данияров Т.А.

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІН ДАМУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ (СТУДЕНТТІК ЛИГА МЕН ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА АЯСЫНДА)

Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы, Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Дошыбеков Айдын Бағдатович, Данияров Талгат Абубакирович

**Жоғары оқу орындарында ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы студенттерді салауатты өмір салтына баулу жолдары (студенттік лига мен жазғы универсиада аясында)**

**Аңдатпа.** Мақалада студент жастарды салауатты өмір салтына баулу мүмкіндіктері қазақ халқының мәдени дәстүрінің маңызды бөлігі болып табылатын ұлттық ойындарды дамыту арқылы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – «Асық ату» және «Бестас» ұлттық ойындары арқылы студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастырудың ғылыми негіздемесін жасап, олардың жоғары оқу орындарының оқу процесіне, Студенттік лига мен Жазғы Универсиадаға енгізудің тиімді жолдарын анықтау. 2025 жылы Түркістан қаласында Халықаралық туризм және қонақжайлылық университетінде өткен XIII Жазғы Универсиада аясында ұлттық ойындар бойынша жарыстар мен спорттық үйірмелер ұйымдастырылып, студенттерге сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер ғылыми-теориялық тұрғыдан талданды. Зерттеу нәтижелері «Асық ату» мен «Бестас» ойындары студенттердің ептілігін, шапшаңдығын, төзімділігін, дәлдігін, қашықтықты нақты бағалау қабілетін және көру-қимыл координациясын дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Жүргізілген талдау негізінде ұлттық ойындарды жоғары білім беру жүйесіне енгізудің педагогикалық мүмкіндіктері мен тиімді формалары айқындалды, бұл студенттерді салауатты өмір салтына баулудың практикалық мүмкіндіктерін ашады.

**Түйін сөздер:** ұлттық спорт, салауатты өмір салты, асық ату, бестас, студенттік лига, универсиада.

Ермаханов Бағлан Омिरзакулы, Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Дошыбеков Айдын Бағдатович, Данияров Талгат Абубакирович

**Пути приобщения студентов к здоровому образу жизни через развитие национальных видов спорта в высших учебных заведениях (в рамках Студенческой лиги и летней Универсиады)**

**Аннотация.** В статье рассматриваются возможности приобщения студенческой молодежи к здоровому образу жизни через развитие национальных игр, являющихся важной частью казахской культурной традиции. Цель исследования заключается в научном обосновании и апробации национальных игр «Асық ату» и «Бестас» как средства формирования здорового образа жизни студентов вузов, а также в определении эффективных способов их интеграции в учебный процесс, Студенческую лигу и летнюю Универсиаду. В рамках XIII летней Универсиады, проведенной в 2025 году в городе Туркестан Международным университетом туризма и гостеприимства, были организованы соревнования и спортивные кружки по национальным играм, а также проведено анкетирование студентов. Полученные результаты подвергнуты научно-теоретическому анализу. Исследование показало, что игры «Асық ату» и «Бестас» способствуют развитию у студентов ловкости, быстроты, выносливости, меткости, способности точно оценивать расстояние и формировать зрительно-двигательную координацию. На основе анализа определены педагогические возможности и эффективные формы внедрения национальных игр в систему высшего образования, что открывает перспективы их практического использования для приобщения студентов к здоровому образу жизни.

**Ключевые слова:** национальный спорт, здоровый образ жизни, асық ату, бестас, студенческая лига, универсиада.

Yermakhanov Baglan, Yessirkepov Zhandos, Doshybekov Aydin, Daniarov Talgat

**Ways of promoting healthy lifestyles through the development of national sports in higher education institutions (within the framework of the Student League and the Summer Universiade)**

**Abstract.** The article examines the opportunities for promoting healthy lifestyles among university students through the development of national games, which represent an important element of Kazakh cultural tradition. The purpose of the study is to provide a scientific rationale and approbation of the national games Asyk Atu and Bestas as a means of fostering a healthy lifestyle among students, as well as to identify effective ways of integrating them into the educational process, the Student League, and the Summer Universiade. Within the framework of the XIII Summer Universiade, held in 2025 in Turkistan at the International University of Tourism and Hospitality, competitions and student clubs dedicated to national games were organized, and a survey was conducted among participants. The collected data were subjected to scientific and theoretical analysis. The findings demonstrated that Asyk Atu and Bestas contribute to the development of students' agility, speed, endurance, accuracy, ability to estimate distances, and visual-motor coordination. Based on the analysis, pedagogical opportunities and effective forms of integrating national games into the higher education system were identified, which highlights their potential for practical use in fostering healthy lifestyles among students.

**Key words:** national sports, healthy lifestyle, Asyk Atu, Bestas, student league, universiade.

**Кіріспе.** Қайсібір халықтың болмасын, өзгелерден ерекшеленіп тұратын, қанында бар ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті баршылық. Қазақ халқы үшін соның ең асылы, ардақтысы да өзгелерден ерекше, ұлттық ойындары екендігі ақиқат. Сондықтан ҚР Үкіметі спорттың қазіргі олимпиадалық түрлерімен бірге ұлттық спорт түрлеріне де айырқша көңіл бөліп, бүкілхалықтық сипат алуына барынша жағдай жасауда. Ұлттық спорт пен ойындардың ерекшелігі, олар - әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан әр халықтың өзіндік үлесі болып табылады. Қазіргі Олимпиада ойындарының бағдарламасына еніп, спорт әлеміне таралған ойындардың барлығы бастауын бір ұлттың ұлттық спортынан алғаны белгілі. Қазақтың ұлттық спорты мен ойындарының бүгінгі ақуалын саралап, оның болашақ биіктеріне бастайтын бағыттарды анықтау - біздің азаматтық парызымыз. Сан ғасырдан бері атадан балаға мирас болып келе жатқан төл өнерімізді жас ұрпақтың санасына сіңіру, тәрбие құралы ретінде қолдану, жаңа заманға бейімдеп, жастар арасында дәріптеу өте өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңдағы ақпараттық технологиялардың ағымына еріп, смартфонға тәуелді болған жастардың санасын сергітіп, ой-өрісін дамытып, қоршаған ортамен қарым-қатынасын арттыруда ұлттық ойындардың алатын орнын дөп басқан Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Елімізде ұлттық спорт түрлері арқылы ойы ұшқыр, жүрегі түкті, рухы мықты жастарды тәрбиелеу өте маңызды» - деп, ұлттық ойындардың жастар тәрбиесіндегі құндылығын ерекше атап өтеді [1].

Отандық ғалымдардың арасында ұлттық ойындарды зерттеп, дамытуға үлес қосқан ғалымдар өте көп. Солардың ішінде М. Тәнекеев, Б. Төтенаев, Е. Сағындықов, Ә. Бүркітбаев,

Е. Әлімханов, Е. Мұхиддинов, М. Болғамбаев, Қ. Байдосов, Ж. Егізбайұлы сынды ғалымдардың еңбектерінде біздің зерттеу жұмысымызға қатысты ғылыми негіздемелермен тұжырымдалған мәліметтерді ерекше атап өтуге болады. М. Тәнекеев - асық ойындарын балаға ерте бастан үйретіп, оған машықтандыру адамның дене қасиеттерін дамытатындығына назар аударады [2, б. 102]. Б. Төтенаев – асық ойындары балаларды ептілік пен алғырлыққа тәрбиелеп, мергендікке баулитындығын зерттеу еңбегінде арқау етеді [3, б. 23]. Ал, Е. Сағындықов «Бестас» ойыны арқылы кішілер үлкендерді құрметтеуді үйреніп, көз бұлшықеттерін шынықтырып, ептілік пен жылдамдықты үйлестіре отырып саусақ қимылдарын арттыруға дәнекер болатындығын атап өтеді [4, б. 54]. Профессор К. Закирьянов «Ұлттық спорт пен ойындардың бүгінгісі мен болашағы» атты республикалық конференцияның құттықтау сөзінде «Ұлттық ойындар бұқаралық спортты дамытуда негізгі орын алуы тиіс» - деп, бұл бағытта шешімін табуы қажет көптеген жұмыстардың тәжірибелік тұрғыдан талқыланып, терең зерттелуі керектігіне назар аударады [5, б. 3]. Ж. Егізбайұлы ұлттық спорт түрлері мен ойындарын тек дала жағдайында ғана емес, спорт залына бейімдеп өткізудің жаңа әдістерін жасап, оқу үдерісіне ендіру бағытындағы тың ұсыныстарымен бөліседі [6, б. 15]. Е. Алимханов ұлттық ойындар арқылы жастарды тәрбиелеп, денсаулықты жетілдіріп, салауатты өмір салтын ұстануға бейімдеуге болатындығын талдап, көрсетеді [7, б. 52]. Қазіргі заманауи ақпараттық технологиялар ел экономикасын дамытуда орасан зор әлеуетке ие болғанымен, қоғамда тірек-қимыл аппараты әлсіз, ой-өрісінің дамуында ауытқуы бар жастардың көрсеткіші жыл сайын артып

келеді. Жастайынан смартфонға үнілу, күнделікті тұрмыста ұялы телефонды шектен тыс пайдалану жастардың қимыл белсенділігін төмендететінін, көру қабілеттерін нашарлататынын ғалымдар тарапынан зерттеліп, нақты дәлелдер келтіріп сан мәрте жазылып, айтылып жатса да қазіргі жастарды виртуальды әлемнен ажырата алмайтындығымыз ақиқат. Сондықтан бұл мәселенің орнын алмастыратын, жастарды түрлі тәсілдермен қызықтыратын амалдардың бірі - барлық білім беру мекемелеріне арналған «Ұлттық ойындар» бағдарламасын жасап, тәжірибеге ендіру. Қазіргі таңда қазақ күресі мен тоғызқұмалақ ойыны әлемдік деңгейде танылып, түрлі республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізіліп, мектеп лигасы мен студенттік лига, жазғы Универсиада бағдарламасына енгізіліп, танымалдылығы артып келеді. Сонымен қатар, оқу орындарында спорттық үйірмелер өткізіліп, жастардың қазақ күресі мен тоғызқұмалақпен жүйелі түрде шұғылданыуына мүмкіндіктер жан-жақты қарастырылған. Ал, ұлттық спорт түрлерінің ішінде ешқандай құрал-жабдықты қажет етпейтін, мергендікті, дәлдікті, ептілікті, шалт қимылды, ара-қашықтықты бағдарлауды дамытатын асық ату мен бестас ойындарынан ЖОО-да спорт үйірмелерін өткізіп, ұйымдастыру жұмыстары бүгінгі күнге дейін назарға алынбай келеді. Сондықтан аталған ұлттық ойындарды жастар арасында кеңінен насихаттау, танымалдылығын арттыру кезек күттірмейтін көкейтесті мәселе ретінде қарастырып отырмыз. Бұл зерттеру жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

**Зерттеудің мақсаты** – ұлттық ойындар («Асық ату», «Бестас») арқылы студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастырудың ғылыми негіздемесін жасап, оларды жоғары оқу орындарының оқу процесіне, Студенттік лига мен Жазғы Универсиадаға енгізудің тиімді жолдарын айқындау.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Жастарды тәрбиелеу мен дамытуда ұлттық ойындарды пайдалану мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттер мен педагогикалық тәжірибеге талдау жасау.

2. «Асық ату» мен «Бестас» ойындарының студенттердің дене және психофизиологиялық қасиеттерін қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау.

3. Ұлттық ойындарды жоғары оқу орындарының оқу процесіне, сондай-ақ Студенттік лига мен Жазғы Универсиада бағдарламаларына енгізудің нысандарын әзірлеу және сынақтан өткізу.

4. Ұлттық ойындарға студенттердің қатысуының салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға ықпалын бағалау.

5. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін ұлттық ойындарды жоғары білім беру жүйесінде пайдалануға қатысты практикалық ұсыныстар әзірлеу.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу барысында төрт негізгі әдіс қолданылды:

1. Ғылыми әдебиеттерді талдау. Ұлттық ойындардың тәрбиелік және дене дамытушылық мүмкіндіктерін айқындау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды.

2. Сауалнама әдісі. XIII жазғы Универсиада аясында (10.05.2025–13.06.2025, Түркістан қ., ХТМУ базасында) студенттер мен командалар өкілдері арасында сауалнама жүргізілді. Зерттеуге 79 ЖОО-ның 2035 студенті (оның ішінде 863 ер және 1172 қыз) және командалардың 52 өкілі қатысты.

3. Статистикалық талдау. Жиналған деректер пайыздық көрсеткіштер негізінде сандық тұрғыдан өңделіп, нәтижелер диаграммалар мен кестелер арқылы ұсынылды.

4. Салыстырмалы әдіс. Ұлттық мектеп лигасы, студенттік лига және Универсиада шеңберіндегі тәжірибелер салыстырылып, ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесіне енгізудегі сабақтастық деңгейі анықталды.

Бұл әдістерді кешенді қолдану зерттеудің теориялық және практикалық тұрғыдан негізділігін қамтамасыз етті.

**Нәтижелер.** Зерттеу жұмысы барысында М. Тәнекеевтің «Бәйгеден Олимпиадаға дейін», Е. Әлімхановтың «Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері» монографияларының, Қ.Қ. Құланов мен А.Т. Ахановтың «Ұлттық спорт түрлерінің әдістемесі», Е. Мұхиддинов пен К.Н. Жанғанатованың «Асық - қазақ халқының ұлттық ойыны», Ж.С. Сабыржанов пен Е.Н. Нарымбетовтың «Асық және Бестас ойыны ережесі» және т.б. ғалымдардың оқу және оқу-әдістемелік құралдарындағы материалдардың құндылығына, ғылыми-теориялық маңыздылығына талдау жасадық [8-12].

Е. Алимхановтың монографиялық еңбегінде бір ғана асық ату ойынында 30-дан астам қимыл-қозғалыс әрекеттері, ойлау мен есептеудің сан алуан түрлерінің қарастырылғанына назар аудардық [9, б. 156]. Ғалым асық атуды далада күнделікті уақыт өткізу мен қызық қуу үшін емес, баланың ойлау, дәлдік, тез шешім қабылдау қабілеттерін дамытатын, жылдамдық,

ептілік, мергендік дене қасиеттерін жетілдіріп, достық қарым-қатынасты нығайтатын үлкен тәрбие құралы екендігін атап өтеді. Ал, қыз балалар ойнайтын «Бестас» ойыны арқылы ептілік, дәлдік, шыдамдылық қасиеттерін жетілдіріп, математикалық амалдарды үйреніп, ойын барысында көзді үнемі жоғары-төмен қимылдату арқылы көз бұлшық еттерін дамытуға таптырмас құрал екендігіне ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеме береді. Ғалымдардың еңбектерін терең зерттеу нәтижесінде асық ату ойыны барысында балалар бір-бірімен достасып, сыйласып, құрметтеп, ұйымшылдыққа, тәртіпті болуға ұмтылып, әртүрлі қашықтықтан нысананы көздеп мергендікке тәрбиеленіп, қолдың епті болуына, ара-қашықтықты дәл бағамдауға машықтанатынына көз жеткіздік. Бұл жөнінде профессор Қ. Салғараұлының «Асық ойынын әлемдік деңгейге шығару керек. Түркі халқының барлығы асық ойнай алады. Тек ойын ережелерін жетілдіру қажет» - деген ұстанымы өзектілігін жоймайды [13, б. 144]. Ғалым асық ату ойынын тек түркі халықтарымен шектеліп қалмауына назар аударып, оның бала тәрбиесіндегі орнын жан-жақты насихаттап, әлемнің барлық елдеріне таратуға үндейді. Ал, К. Абишов бестас пен асық ойыны - қазақ балаларының ең сүйіп ойнайтын ойыны болғандығын айта келіп, бұл ойындар балалардың дәлдік, мергендік қабілеттерін дамытып, көз бен саусақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіретін, өзара қарым-қатынасты нығайтатын, достыққа баулитын, жастардың төзімді, епті, жылдам болып өсулеріне ең қажетті ойын түрлері екендігін атап өтеді [14, б. 43]. Сондықтан «Асық ату» мен «Бестас» ойындары жыл мезгілін таңдап, арнайы орын талғамайтын, үй жағдайында да далада (тегіс алаңда) да өткізуге ыңғайлы, өте қарапайым ойын ережелерімен ерекшеленетіндіктен білім беру мекемелерінің барлығының оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндік мол. Бұл бір жағынан білім ордаларында тәрбиелік міндеттерді шешуге, екінші жағынан жастарды әлеуметтік желілер мен смартфоннан бір мезгіл болса да ажыратып, ақыл-ойы мен мінез-құлқын ұлттық құндылықтар негізінде дамытуға, ой-санасына ұлттық тәрбиені сіңіруге септігін тигізеді.

Асық ату спортының негізін қалаушы Ж. Сабыржанов еліміздің әр аймағындағы 200-ден астам асық ойындарының түрлерін жинақтап, оларды ұлттық спорт түріне айналдырып, ұқсас ойындарды біріктеріп, әрқайсының ережелерін жасап, «Асық ату - барлық ұлттық спорт түрлерінің бастауы» - деген ғылыми негіздеме береді [15, б. 14]. Осындай көп жылдық

ғылыми негізде жүргізілген жүйелі жұмыстың негізінде «Асық ату» мен «Бестас» ойындарынан жыл сайын жастар мен жасөспірімдер, кіші жасөспірімдер, ересектер мен ардагерлер арасында ел чемпионаттары мен Кубогы өткізіліп келеді. Одан басқа елімізде «Асық ату» мен «Бестас» ойындары төрт жылда бір рет өтетін «Халық ойындары» мен «Ақ бидай» спартакиадасының бағдарламасына және оқушылар арасында Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасына енгізіліп, бүкілхалықтық сипат алуына ауқымды жұмыстар жүргізіліп, республикалық және халықаралық деңгейдегі турнирлер дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Алдағы уақытта аталған ойындарды ЖОО-ның оқу үдерісіне енгізіп, студент жастар арасында өткізуге қол жеткізсек, білім алушыларды салауатты өмір салтына баулып, ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық сипат алуына сүбелі үлес қосатын боламыз.

Сонымен қатар, 2022 жылы «Асық ату» мен «Бестас» ойындарынан қазақ спортының тарихында тұңғыш рет Румынияның Констанца қаласында Әлем кубогының, сол жылы Астанада Азия чемпионатының өткізілуі, 2024 жылы әлем чемпионаты мен Астанада өткен Дүниежүзідік көшпенділер ойындарының бағдарламасына еніп, әлемдік деңгейдегі жарыстардың өтуі, 2017 жылы 4-9 желтоқсанда Корея Республикасының Чеджу қаласында Үкіметаралық материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің 12-ші сессиясына Асық ату ойыны ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра ретінде ЮНЕСКО-ның қорғау тізіміне енгізілуі, 2018 жылы 18 мамырда Асық ойыны ұлттық спорт түрі ретінде ҚР Ұлттық Олимпиада комитеті тарапынан мойындалуы, 2018 жылы 02 қазанда Асық ату түрі Республикалық федерациясы аккредиттеуден сәтті өтіп, 2021 жылдың маусым айынан бастап Әділет министрлігінде бірыңғай спорттық классификация бекітіліп, қазіргі таңда асық атудан Қазақстан Республикасының спорт шебері атағы берілуі бір жылдық емес, бірнеше жылдық табанды еңбектің, көптеген ғылыми негіздемелер мен зерттеулердің нәтижесінде жүзеге асырылып келе жатқандығына толық негіз бола алады. Бұл ұлттық спорт түрлерін өз елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де кеңінен танытуға, әлем жастарының қазақтың ұлттық спорт түрлерін танып, қызығушылықтарын арттырып, жүйелі түрде шұғылданыуына, салауатты өмір салтын ұстануына, денесін шынықтырып, дене қасиеттері мен тұлғалық қабілеттерін дамытуға ерекше ықпал етеді.

Біз «Асық ату» мен «Бестас» ойынының маңыздылығына, жастар арасында танымалдылығын арттыруға, ұлттық спорт түрлерін

дамытудың маңыздылығына тоқталып, ұлттық спорт түрлерін дамытуға барынша үлес қосу мақсатында 2022-2023 оқу жылының I-академиялық кезеңінде Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (ХТМУ) I-курс студенттеріне дене тәрбиесі сабағында «Бестас» ойынын өткіздік. «Бестас» ойыны бойынша көзілдірік киетін 15 қыз балаға тәжірибе жүргізілді. Оларға ойынға көзілдірікті шешіп қатысу ұсынылды. Ойын барысында көзді жоғары-төмен үнемі қимылдату көз бұлшық еттерін жаттықтыруға оң нәтиже бергендігін атап өтеміз. Ал, университетте ашылған студенттік клуб жоспарына «Асық ату» ойыны енгізіліп, ерлер арасында арнайы спорт үйірмесі жүргізілді. Спорт

үйірмесіне жазылуға, арнайы ереже бойынша асық ойнауға қызығушылық білдірген студент жастардың көптігі біздің бастаманың дұрыс әрі өзекті екендігін көрсетті. Осы оң нәтижені ескеріп, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарында ЖОО-на берілген академиялық еркіндік аясында дене тәрбиесі пәнінің жұмыс жоспарына оқу бөлімінің келісімімен «Бестас» пен «Асық» ойындары енгізілді [16, б. 108].

**Талқылау.** ХТМУ-нің базасында өткен XIII жазғы Универсиада бағдарламасына ұлттық спорт түрлерінен тоғызқұмалақ және қазақ күресі енгізіліп, көптеген ЖОО-ның командалары қатысты (1-кесте). Бұл ұлттық спорт түрлері Студенттік лига бағдарламасында да қамтылған.

1 кесте – ХТМУ-де өткен XIII жазғы Универсиадаға тоғызқұмалақ және қазақ күресі түрлері бойынша қатысқан ЖОО-ры туралы мәлімет

№	Спорт түрлері	Қатысқан командалар саны	Қатысушылар саны		Барлығы
			ерлер	әйелдер	
1	Тоғызқұмалақ	32	82	76	158
2	Қазақ күресі	37	147	112	259

Ескерту: дереккөз XIII жазғы Универсиаданың қорытынды хаттамасы

Кестеде көрсетілгендей аталған екі ұлттық спорт түрінен XIII жазғы Универсиадаға 417 студент қатысқан. Бұл жалпы Универсиада бағдарламасындағы 17 спорт түрлеріне қатысқан 79 ЖОО-ры бойынша 3285 студенттің 12,7 %-ын ғана құрайды. Алдағы уақытта өтетін республикалық маңызы бар іс-шараның (жазғы Универсиаданың) бағдарламасына «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын қосатын болсақ, ұлттық спорт түрлерімен шұғылданатын білім алушылардың саны едәуір артып, республиканың барлық ЖОО-да тоғызқұмалақ пен қазақ күресінен басқа да ұлттық спорт түрлерінің қарқынды дамуына жол ашылатындығына толық негіз бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Асық ату» мен «Бестас» ойындарынан түрлі деңгейдегі жарыстар өткізілсе де, мектеп пен ЖОО-ры арасындағы өзара сабақтастық үзіліп қалғанын атап өтеміз. «Асық ату» мен «Бестас» ойындары Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасына енгізілгенімен студенттік лига мен жазғы универсиаданың бағдарламасында

қарастырылмаған. Осы олқылықтың орнын толтырып, мәселеге шынайы көзқараспен қарауымыз қажет. Себебі, мектеп қабырғасынан бастап «Асық ату» мен «Бестас» ойындарының элементтерін, әдіс-тәсілдерін терең меңгеріп келген оқушы, жоғары оқу орнына келгеннен кейін ары қарай білікті жаттықтырушылардың қолдауымен техникалық-тактикалық, психикалық даярлықтарын жетілдіріп, халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысып, спорттық шеберліктерін шыңдауы тиіс. Бұл тұрғыда ЖОО-дағы спорт үйірмелерінің алатын орны өте зор. Мұны біз 2025 жылы Халықаралық туризм және меймандостық университетінің базасында өткен XIII жазғы Универсиада шеңберінде қатысушы команда студенттеріне сауалнама жүргізу барысында анықтадық. Сауалнамаға 2035 студент (1172 ер бала, 863 қыз бала) қатысты. ЖОО-нан келген 52 команда өкілдерінен де сауалнама алынып, сұхбаттасу жүргізілді. Студенттерге қойылған сауалнама сұрақтары мен нәтижелері 2-кестеде беріледі.

2 кесте - «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісіне енгізу бағытында студент жастардан алынған сауалнама нәтижелері. n = 2035

№	Сұрақтар	Саны	Ерлер			Қыздар		
			ия (%)	жоқ (%)	білмеймін (%)	ия (%)	жоқ (%)	білмеймін (%)
1	«Асық ату» мен «Бестас» ойындары туралы естігенсіз бе?	1172	1125 96,0 %	35 3,0 %	12 1,0 %	-	-	-
		863	-	-	-	753 87,2 %	85 9,8 %	25 3,0
2	«Асық ату» мен «Бестас» ойындарын ЖОО-да спорт үйірмесі ретінде өткізілгенін қалайсыз ба?	1172	1130 96,4 %	23 2,0 %	12 1,6 %	-	-	-
		863	-	-	-	769 89,0 %	82 9,7 %	12 1,3 %
3	«Асық ату» ойынын Студенттік лига мен жазғы Универсиаданың бағдарламасына енгізген дұрыс деп санайсыз ба? (ерлер)	1172	1142 97,4 %	11 1,0 %	19 1,6 %	-	-	-
4	«Бестас» ойынын Студенттік лига мен жазғы Универсиаданың бағдарламасына енгізген дұрыс деп санайсыз ба? (қыздар)	863	-	-	-	786 91,0 %	9 1,0 %	68 8,0 %
5	Ұлттық спорт түрлерінің (ойындарының) салауатты өмір салтын ұстануға әсері бар деп ойлайсыз ба?	1172	1165 99,4 %	-	7 0,6 %	-	-	-
		863	-	-	-	843 97,6 %	-	20 2,4 %

Сауалнама нәтижелерін талдай келе, студент жастар арасында ұлттық спорт түрлерін, оның ішінде «Асық ату» мен «Бестас» ойындары танымал екендігіне көз жеткізуімізге болады. Ерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерінде барлық сұрақтар бойынша 95 %-дан жоғары, ал қыз балалар арасында 90 % деңгейінде көрсеткіш көрсетуі ұлттық спорт түрлерінің елімізде қарқынды дамып келе жатқандығын аңғаруымызға болады. Сонымен қатар, студент жастар 2024 жылы Астана қаласында өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының оң әсер еткендігін атап өтеді. Сауалнамаға өзге ұлт өкілдерінің ішінде 26 орыс, 15 өзбек, 6 түрік ұлтының өкілдері де қатысып, ұлттық спорт түрлерінің елімізде дамуына үлес қосуға дайын екендіктерін, «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын мектеп қабырғасында ойнағандарын, аталған ойындарды студенттік лига мен жазғы универсиада бағдарламасына

ендіріп, жарыстар өткізу студент жастар үшін тың бастама мен мотивация болатындығын атап өтті. Бұл өзге ұлт өкілдерінің арасында да ұлттық спорт түрлерінің танымалдылығы артып келе жатқандығын көрсетеді.

Студент жастар - қоғамның үлкен қозғаушы күші екендігін ескерсек, салауатты өмір салты дағдыларына баулып, ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттап, «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын ЖОО-ның дене тәрбиесі пәні бойынша оқу үдерісіне енгізу, спорт үйірмелерін ұйымдастыру бағытында бағдарлама жасап, тәжірибе жүзінде іске асыруымыз қажет.

Бұл бағытта ХІІІ жазғы Универсиада шеңберінде республиканың әр өңірінен келген ЖОО-ның 52 команда өкілдерімен (дене тәрбиесі оқытушылары) сауалнама жүргізгенімізде, 95% команда өкілдері ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдайтындықтарын, мектеп оқушылары арасында

өтетін Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасына «Асық ату» мен «Бестас» ойындары енгізілгендіктен, «Студенттік лига» мен жазғы универсиада бағдарламасына да енгенін қажет деп санайтындықтарын білдірді. Сонымен қатар, «Асық ату» мен «Бестас» ойындары арасында ересектер мен ардагерлер спортшылар арасында

да республикалық чемпионаттар мен турнирлер өтетінін ескеріп, ЖОО-ның оқытушы-профессорлар құрамы да студент жастармен бірге дайындалып, аталған турнирлер мен чемпионаттарға қатысуына мүмкіндік туатындығын атап өтті. ЖОО-ның команда өкілдерінен алынған сауалнама нәтижелері 3-кестеде беріледі.

3 кесте - XIII жазғы Универсиада аясында республиканың әр өңірінен келген ЖОО-ның команда өкілдерінен алынған сауалнама нәтижелері

№	Сұрақтар	Саны	Ерлер		
			ия (%)	жоқ (%)	білмеймін (%)
1	Ұлттық спорт түрлерінің студенттік лига мен жазғы универсиада бағдарламасына енгенін қолдайсыз ба?	52	100 %	-	-
2	«Асық ату» мен «Бестас» ойындарын ЖОО-да спорт үйірмесі ретінде өткізу қажет пе?	52	100 %	-	-
3	Ұлттық спорт түрлері арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру мүмкін бе?	52	100 %	-	-
4	ЖОО арасында республикалық деңгейде ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізу қажет деп санайсыз ба?	52	49 94,2 %	3 5,8 %	-

Сондай-ақ, көптеген дене тәрбиесі мамандары «Асық ату» мен «Бестас» ойындары ешқандай құрал-жабдықтар мен арнайы жабдықталған спорт залын қажет етпейтіндігін, мектеп қабырғасынан аталған ойындардың әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеріп келген оқушылармен жұмыс жасау және олардың техникалық-тактикалық және психикалық дайындықтарын дамыту оңайға түсетіндігін, басқа спорт түрлеріндегідей үлкен қаржылық шығынды талап етпейтіндігін басты назарға алып, ұлттық ойындар арқылы тұтас ұлтты тәрбиелеуге болатындығына тұщымды жауаптар алынды. Ал, ЖОО арасында тек қана ұлттық спорт түрлерінен республикалық деңгейде (тоғызқұмалақ, қазақ күресі, асық ату, бес тас және садақ ату) жарыстар өткізуді 94,2 % оқытушылар қолдайтынын, 5,8 % оқытушы әзірге қажеттілігі жоқ, ол үшін ЖОО-да спорт үйірмелері жұмыс жасап, командалар жасақталып, білікті жаттықтырушылармен қамтамасыз етіліп, бір жолға қойылуы керек деген жауаптар алынды.

Ұлттық спортты ұлықтап, жастар арасында танымалдылығын арттыру, жан-жақты насихаттау жұмысында еліміздегі ЖОО-ның үлкен әлеуетке ие екендігін ескерсек, алдағы уақытта «Тоғызқұмалақ» пен «Қазақ күресі» секілді «Асық

ату» мен «Бестас» ойындарын Студенттік лига мен жазғы Универсиада бағдарламасына енгізуге барлық мүмкіндікті қарастыруымыз керек. Бұл ата-бабадан ұмытылмай бізге жеткен ұлттық спорт түрлерінің жылдан-жылға жаңғырып, ережелері жаңарып, әлемдік деңгейде жарыстар өткізіліп, танымалдылығы артып келе жатқан кезеңде өз елімізде өтетін барлық деңгейдегі жарыс түрлерінде ұлттық ойындарымызға шектеу болмауы керек. Мемлекет басшысы 14.03.2025 жылы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында: «Ұлттық спорт - мәдени бірегейлігіміздің ажырамас бөлігі және ұлт саулығын тәрбиелеудегі маңызды құралы» - деген сөзі осындай ұлттық құндылықтарымыздың қадірін бағалап, Тәуелсіз еліміздің жетістіктерін еселеп, ұлттық спорт түрлерінің дамуын жаңа кезеңге шығару мүмкіндігі туып отырғанда барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, ұлттық спорт түрлері мен ойындарын дамыту, жаңғырту жұмыстары күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің қатарында болуы тиіс деп санаймыз.

**Қорытынды.** Біз көтерген мәселе ЖОО-ның оқу үдерісінде ұлттық спорт түрлерін батыл енгізудің маңыздылығын айқындайды. Жоғары оқу орындарында ұлттық спорт түрлерін дамыту

арқылы студенттерді салауатты өмір салтына баулу жолдарына бағытталған алдымызға қойылған міндеттер толықтай орындалды. Атап айтқанда:

1. «Асық ату» және «Бестас» ойындарының студент жастардың дене қасиеттері мен толғалық қабілеттерін дамытудағы алатын орнына және XIII жазғы Универсиадаға қатысушы студенттер мен команда өкілдерінен алынған сауалнама нәтижелеріне ғылыми-теориялық талдау жүргізу нәтижесінде, келешекте республиканың барлық ЖОО-да аталған спорт түрлерінің танымалдылығын арттыру мақсатында арнайы ұлттық спорт түрлерін қамтитын бағдарлама дайындап, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізу қажеттілігі айқындалды.

2. «Асық ату» және «Бестас» ойындарын дамыту бағытында атқарылған бірнеше жылдық табанды еңбектің, көптеген ғылыми негіздемелер мен зерттеулердің нәтижесінде тек өз елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де кеңінен танытуға, әлем жастарының ұлттық спорт түрлерімен шұғылдануына ықпал етіп, салауатты өмір салтын ұстануына, денесін шынықтырып, дене қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туды. Аталған ойындарды оқушылар арасында өтетін Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасына енгізіп қоймай, ЖОО-ның оқу үдерісіне де енгізіп, студент жастар арасында өткізуге қол жеткізсек, білім алушыларды салауатты өмір салтына баулып, ұлттық спорт түрлерінің бүкілхалықтық сипат алуына үлес қосатындығы нақтыланды.

3. Халықаралық туризм және меймандостық университетінде жүргізілген тәжірибені республиканың барлық ЖОО-на таратып, «Асық ату» және «Бестас» ойындарын оқу үдерісіне енгізіп, спорт үйірмелерін өткізу бағытында жұмыстар жүргізу ұсынылды. Бұл өз кезегінде студент жастар арасында ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттауға, қызығушылықтарын арттырып, ұлттық тәрбиемен сусындап, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруде таптырмас тәрбие құралы бола алады.

4. Оқушылар «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын мектеп қабырғасында ойнап, түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, жоғары жетістіктерге жетіп, ЖОО-да білімдерін жалғастырып, спорттық шеберліктерін шыңдайтын, мектепте үйренген әдіс-тәсілдерді жетілдіретін уақытта үзіліп

қалатындығын, мектеп пен ЖОО-ның арасында өзара байланыстың сақталмауына байланысты, жазғы универсиада аясында мыңдаған студенттер мен ЖОО-ның оқытушыларынан алынған сауалнама нәтижелерінің жоғары пайыздық көрсеткіштеріне сәйкес, алдағы уақытта студенттік лига мен жазғы универсиада бағдарламасына «Асық ату» мен «Бестас» ойындарын енгізу қажеттілігіне көз жеткізілді.

Осы бағыттағы атқарылған жұмыстарды іске асыру мақсатында келесі мәселелерді жүзеге асыруды ұсынамыз:

– барлық білім беру мекемелеріне арналған «Ұлттық ойындар» бағдарламасын жасап, тәжірибеге ендіру;

– «Асық ату» және «Бестас» ойындарын ЖОО-да спорттық үйірме түрінде өткізу. Бұл үшін барлық ЖОО-да аталған спорт түрлерін жетік меңгерген оқытушы-жаттықтырушылармен қамтамасыз ету (білікті мамандар тарапынан семинарлар, біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру);

– «Асық ату» және «Бестас» ойындарының студенттік лига мен жазғы универсиада бағдарламасына ендіру бағытында ҚР ҒЖБ министрлігіне және универсиаданы ұйымдастырып, өткізетін жауапты ЖОО-на ұсыныс даярлау.

Сан алуан қимыл-қозғалысты, көз бен қолдың өзара байланысын, адамды сабырлыққа үндеп, сұрмергендік қырын анықтайтын ұлттық тағылым мен тәлімге бай қазақтың «Асық ату» және «Бестас» сияқты ұлттық спорт түрлеріне шынайы қолдау көрсету, балабақшадан бастап, мектеп, колледж, ЖОО-на арналған ережесіне сай дамыту, түрлі деңгейдегі жарыстар өткізу арқылы халықтар арасында насихаттап, халықаралық деңгейдегі танымалдылығын арттыруға үлес қосу баршамыздың азаматтық парызымыз деп санаймыз. Біз Жаңа Қазақстанның өскелең жастарды ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, ұлттық ойындар негізінде тәрбиелеп, ақыл-ойы мен сана сезіміне ұлттық тәрбиенің нәрін сіңіріп қана тәуелсіз Қазақ елінің нағыз шынайы патриоттарын тәрбиелеп шығарамыз.

**Қаржыландыру туралы ақпарат.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жеке тіркеу номері: АР19676522 жобасы аясында орындалды.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын тұғыр» ұлттық сыйлығын алған үздіктерді құттықтады. [https://el.kz/prezident-qasym-zhomart-toqaev-altyn-tugyr-ulattyq-syilygyn-algan-uzdikterdi-quttyqtady\\_101097/](https://el.kz/prezident-qasym-zhomart-toqaev-altyn-tugyr-ulattyq-syilygyn-algan-uzdikterdi-quttyqtady_101097/) (қолданылған күні: 21.12.2023).

- 2 Таникеев М. Мир народного спорта. Монография. - Алматы: Санат, 1998. - 228 с.
- 3 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары: оқу құралы - Алматы: Балауса, 2013. - 96 б.
- 4 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары: оқу құралы. - Алматы: Атамұра, 1991. - 176 б.
- 5 Закирьянов К.К. Ұлттық спорт - ұлт мәдениетінің мәйегі / Халық. ғыл. конф. «Ұлттық спорт пен ойындардың бүгінгісі мен болашағы»: мат. - Алматы, 2010. - Б. 3-4.
- 6 Егізбаев Ж. Ұлттық ұстынды жоғары ұстайық / Республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары»: мат. - Қызылорда, 2022. - Б. 16-19.
- 7 Алимханов Е., Мадиева Г.Б. Қазақтың дәстүрлі ойындары мен спортының даму кезеңдері және қазіргі қоғамдағы орны / XXVIII Халық. ғыл. конг. «Олимпиадалық спорт және барлығына арналған спорт»: мат. - Алматы, 2024. - Б. 51-55.
- 8 Таникеев М. Бәйгеден Олимпиадаға дейін. Монография. - Алматы: Қазақстан, 1983. – 208 б.
- 9 Алимханов Е. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 250 б.
- 10 Құлланов Қ.Қ., Аханов А.Т. Ұлттық спорт түрлерінің әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы: Эверо, 2022. - 96 б.
- 11 Мұхиддинов Е., Жанғанатова К.Н. Асық - қазақ халқының ұлттық ойыны: оқу құралы. - Алматы: Кемел Кітап, 2024. - 205 б.
- 12 Сабыржанов Ж.С., Нарымбетов Е.Н. Асық және Бестас ойыны ережесі: оқу-әдістемелік құралы. - Алматы, 2022. - 123 б.
- 13 Салғараұлы Қ. Торғай тарландары. Энциклопедия. 1 т. - Астана, 2009. - 143 б.
- 14 Абишев К. Қазақтың ұлттық ойындары: оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2014. - 142 б.
- 15 Сабыржанов Ж. Ұлт спортын ұлықтау - елдік парыз! // Спорт жұлдыздары. - 2025. - №3(120). - Б. 14-15.
- 16 Рыскалиев С.Н., Есиркепов Ж.М., Ермаханов Б.Ө., Айдаров Б.Ж., Аbugалиев Б.Н. Қазақстанда этносportтың дамуы, оның әлеуметтік-мәдени тұрғысынан қарастырылуы // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2025. - №1(79). - Б. 101-112. DOI: 10.48114/2306-5540\_2025\_1\_101.

## References

- 1 Prezident Qasym-Zhomart Toqayev «Altyn tıǵyr» ılttyq syjlyǵyn alfan ızdikterdi qıttıqtady. [https://el.kz/prezident-qasym-zhomart-toqayev-altyn-tugyr-ulttyq-sylygyn-alfan-uzdikterdi-quttyqtady\\_101097/](https://el.kz/prezident-qasym-zhomart-toqayev-altyn-tugyr-ulttyq-sylygyn-alfan-uzdikterdi-quttyqtady_101097/) (koldanylǵan kúni: 21.12.2023).
- 2 Tanikeev M. Mir narodnogo sporta. Monografiya. - Almaty: Sanat, 1998. - 228 s.
- 3 Tötенаev B. Қазақтұң ılttyq oıyndary: oқu құraly - Almaty: Balausa, 2013. - 96 b.
- 4 Saǵyndıqov E. Қазақтұң ılttyq oıyndary: oқu құraly. - Almaty: Atamұra, 1991. - 176 b.
- 5 Zakir`janov K.K. Ұlttyq sport - ılt mädenietiniń mäjegi / Halıq. ғыl. konf. «Ұlttyq sport pen oıyndardıң bұgingisi men bolashaǵy»: mat. - Almaty, 2010. - B. 3-4.
- 6 Egizbaev Zh. Ұlttyq ıstyndy zhoǵary ıstajyq / Respublikalyk ғыlymi-təzhiribelik konf. «Zhoǵary oқu oryndary men kolledzh, mektepterde дене tərbiesi құraldary arkyly zhastardıң ruhani intellektualdyk dengejin kalypstastyru zholdary»: mat. - Kyzylorda, 2022. - B. 16-19.
- 7 Alimhanov E., Madiyeva G.B. Қазақтұң dəstyrlı oıyndary men sportynıń damu kezeńderi zhəne qazirgi қоғамdary orny / NHVIII Halıq. ғыl. kong. «Olimpiadalıq sport zhəne barlyǵyna arnalǵan sport»: mat. - Almaty, 2024. - B. 51-55.
- 8 Tanikeev M. Bəjgeden Olimpiadaǵa dejin. Monografiya. - Almaty: Қазақстан, 1983. – 208 b.
- 9 Alimhanov E. Қазақтұң ılttyq halıq oıyndary men sportynıń teoriyalıq zhəne pedagogikalıq negizderi. Monografiya. - Almaty: Қазақ universiteti, 2018. - 250 b.
- 10 Qұлlanov Q.Q., Ahanov A.T. Ұlttyq sport tırleriniń ədistemesi: oқu-ədistemelik құraly. - Almaty: Jevero, 2022. - 96 b.
- 11 Mұhididinov E., Zhanǵanatova K.N. Asyq - қазақ halkınuń ılttyq oıynu: oқu құraly. - Almaty: Kemel Kitap, 2024. - 205 b.
- 12 Sabyrzhanov Zh.S., Narymbetov E.N. Asyq zhəne Bestas oıynu erezhesi: oқu-ədistemelik құraly. - Almaty, 2022. - 123 b.
- 13 Salғaraұly Q. Torǵaj tarlandary. Jenciklopediya. 1 t. - Astana, 2009. - 143 b.
- 14 Abishev K. Қазақтұң ılttyq oıyndary: oқu құraly. - Almaty: Nұr-Print, 2014. - 142 b.
- 15 Sabyrzhanov Zh. Ұlt sportyn ılyktau - eldik paryz! // Sport zhızydyzdary. - 2025. - №3(120). - B. 14-15.
- 16 Ryskaliev S.N., Esirkepov Zh.M., Ermahanov B.Ө., Ajdarov B.Zh., Abugaliev B.N. Қазақстанда jetnosporttұң damuy, onun əleumettik-mädeni тұrǵysınan qarastyrılıy // Dene tərbiesiniń teoriyası men ədistemesi. - 2025. - №1(79). - B. 101-112. DOI: 10.48114/2306-5540\_2025\_1\_101.

<p><b>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</b>                  Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: baglan0989@gmail.com, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-1203-2280">https://orcid.org/0000-0003-1203-2280</a></p>	<p><b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b>                  Ермаханов Бағлан Омирзақұлы – PhD, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан, e-mail: baglan0989@gmail.com, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-1203-2280">https://orcid.org/0000-0003-1203-2280</a></p>	<p><b>The Author for Correspondence (The First Author)</b>                  Baglan Yermakhanov – PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan, e-mail: baglan0989@gmail.com, ORCID ID: <a href="https://orcid.org/0000-0003-1203-2280">https://orcid.org/0000-0003-1203-2280</a></p>
--	--	---

Мақала түскен күні: 28.07.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 10.09.2025